



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201_жылғы «__»_____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__»_____201_года

№ _____

№ исх: ДС-13 от: 20.01.2017

2017 жылы 18 қаңтарда жарияланған

**Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Жаңа 2017 жылдың алғашқы күні Қарағанды облысында қайғылы оқиға орын алды. Төтенше жағдай 1 қаңтар күні 22.40-та болды: Шахан кентіндегі 60 пәтерлі тұрғын үйдің подъездерінің біріндегі жертөледе бу қазандығы жарылысынан жалпы 15 пәтер зардап шекті. Жойқын апат 9 адамның өмірін қиды, оның арасында 3 бала бар. Тосыннан келген бұл апат зардап шеккендерге ғана емес, барлық қазақстандықтарға оңай тиген жоқ, аса қиналыспен қабылданды. Ел бірігіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып барынша қолдау көрсетті. Шаханда болған оқыс оқиға ешкімді де бейжай қалдырмады. Бүкіл қалалар мен елді-мекендерде еріктілер штабы құрылып, төтенше жағдайдан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жиналды, әлі де толастар емес.

Алғашқылардың бірі болып ҚР Парламенті Мәжілісінің өкілдері де апат орнында болып, жағдаймен танысты. Біз қайтыс болғандардың отбасыларына арнайы кіріп, көңіл айттық, жергілікті тұрғындармен кездесіп, ой бөлістік, пікір алмастық. (Мәжілістің 107 депутаты арнайы ашылған есепшотқа бір күндік еңбекақысын аударды).

Апат болған Шахан кентінде жертөледе орналасқан 14 қазандық бар. Елді мекендегі 20-дан астам көпқабатты үй сол қазандықтардан жылу алады. Тұрғындар оларды өз қаражаттарына тұрғызған. Бірақ, бірнеше жылдар бойы құзыретті мекемелердің бір де бір рет тексеріп келмегенін айтады. Мұндай мәселе облыс орталығына қанаттас шағын қалалар Саран, Абай, Шахтинск қалаларында да орын алған.

Шахан кентінде 90 жылдардан бері орталықтандырылған жылу жүйесі жоқ. Бұл өзекті мәселенің шешілуі қомақты қаржыға келіп тіреліп тұр. Біздің Қарағанды облысында болған іссапарымызда сайлаушыларымыздың,

жергілікті жұрттың бізге деген жалғыз өтініші – шаһарда орталық қазандық салу. Сондықтан, біз Сізден осы үлкен трагедияға назар аударуыңызды сұраймыз.

Сонымен қоса, соңғы кездері құрылыс жұмыстарының сапасыздығына және бақылаусыз жүргізілуіне айғақ іспетті, тұрғын үйлердің, ғимараттардың, құрылыстардың құлап түсуі жиілеп кетті.

Айта кететін тағы бір жайт, ҚР Парламенті Мәжілісіне біздің азаматтардан тұрғын үйлердің құрылыс барысында жіберілетін ахаулар мен кемшіліктерге, олардың ережелері мен сметалық нормаларының бұзылуына, ретсіз қателіктердің орын алуына әкеп соғатынына арызданады.

Тұрғын үй саласында соңғы 10 жыл көлемінде орын алған қайғылы оқиғалар, тұрғын үй қорын салу мен пайдалануда мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың төмендеп кеткенін көрсетеді. Ғаламтор көздерінің мәліметтері бойынша барлық шағын қалаларда апатты деп танылған үйлер бар. Бұл дегеніңіз, көрініп тұрған апат және адам өміріне төнген қауіп.

Осы айтылғандарды ескере отырып, құрметті Бақытжан Әбдірұлы:

1. Тұрғын үй және әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысы және оны пайдалануға мемлекеттік бақылау жасау саласында тәртіп орнату бойынша Үкімет тарапынан жоспарланып отырған іс-шаралар туралы хабардар етуді;

2. Тиісті мемлекеттік органдарға елдің жергілікті мекендеріндегі тұрғын үй қорының жағдайына сараптама жүргізу және тұрғын үйлердің қауіпсіздігін сақтауға, жылумен қамтамасыз етуге бағытталған қажетті шаралар қабылдау жөніндегі ұсыныстар дайындау туралы тапсырыс беруді;

3. Жаңадан салынып жатқан объектілерде ҚР архитекторлық - құрылыс заңнамасының талаптарының орындалу барысын құзыретті органдарға тексеруді тапсыруды;

4. Халықты сапалы әрі қауіпсіз баспанамен қамтамасыз ету үшін заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жетілдіруді;

5. Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасы бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңарту және тұрғын үй секторын күрделі жөндеуден өткізуге қаржы көздерін өсіру мүмкіндігін қарастыруды;

6. Тұрғын үй қорын ұстауға және пайдалануға қоғамдық бақылау жүргізу тәсілдерін кеңейтудің мән-маңызын, осы жүйеге тұрғын жайлардың меншік иелерінің қоғамдық құрылымдарын тартуды оқып-зерттеуді сұраймыз.

Құрметпен,

Н. Дулатбеков

Н. Әбдіров

А. Қожахметов

С. Имашева

Ю. Тимощенко